

**САУРАН АУДАНЫ Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ  
ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН  
МЕКТЕП КІТАПХАНАШЫСЫ МОЛДАБЕК  
АЙГҮЛДІҢ 2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ЖЫЛДЫҚ  
ЕСЕБІ**

**Мақсаты :** Оқушылардың көркем әдебиеттерге деген қызығушылығын, ынтасын оятып, танымдық белсенділіктерін арттыра отырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау.

**Міндеттері:**

1. Оқушыларды көркем әдебиет оқу арқылы мәдениеттілікке баулу.
2. Оқушыларға қызмет көрсету жоғары мәдениетін қамтамасыз ету.
3. Кітапхана мен бала арасындағы тығыз байланысты қалыптастыру.

Адам өмір сүріп отырған қоғамның ықылым заманнан келіп жеткен қазыналары мен кереметтерін кітапханадан, яғни кітап оқу арқылы табады. Кітапты ғылым, білімнің адамзат ақыл-ойының жиынтығы сақталған қазыналы сандық десек болады. Сол сандықтағы байлықты қалай алуға болады? Кітап әлеміне баланы қалай енгізуге болады? Оның бірден-бір жолы кітап көрмелерді ұйымдастыруды әр бөлімге тақырып қойып, дәйек сөз дайындаудан бастауымыз қажет.



*Бүгінгі жедел ақпараттың тасқынының тасасында қалып бара жатқан “кітап әлемін” қайта жандандыру – кітапханашыларға жүктелген үлкен міндет. Кітап оқу мәселесі бүкіл ұлтты толғандыруы тиіс. Ұлттың рухани сауаттылығы кітап оқуға тікелей байланысты.*

*Әр елде жүргізілген тәжірибелер арқылы мынадай жағдайлар анықталған: кітап оқитын адамдар бегілі бір мәселе төңірегінде тез шешім қабылдауға бейім, есте сақтау деңгейі, шығармашылық қабілеті жоғары, сөздік қоры бай, ойын еркін жеткізе алатындығымен, елмен жақсы қарым-қатынас жасай білетіндігімен ерекшеленеді екен.*



*1 сынып оқушыларының бірінші әдеби кітап оқып кеткен жоқ. Өйткені бастауыш сынып оқушыларына арналған журналдар мен шағын суретті кітаптардан бастадық. Оқыған журналдарымыз «Балдырган», «Ертегілер әлемі», «Балалар әлемі» тағы басқалар. Журналдарды дауыстап оқып, артынан түйіндеме жасатып үйретемін. Әр оқушы не түсінді, не білді, не қызықты болды деген сұрақтарына өздері жауап беріп қызығушылықтары арта бастады.*





*2 сынып оқушылары журналдар мен қатар шағын суретті кітаптар мен халық ертегілерін, «Алдар көсе», «Тазша бала», «Қызыл телпек», «Жануарлар туралы ертегілер» т.б. кітаптарды оқып, артынан ертегі кейіпкерлерін және ертегінің мазмұнын сурет арқылы бейнелей бастады.*



*Сонымен қатар 3 сынып оқушыларына журналдар «Мөлдір бұлақ», «Айгөлек», және халық ертегілерін оқып, кейіннен оқушылар журналдағы оқушылар шығармашылығындағы тақырыптарға өлең жолдарын, шығарма жазып, кітапқа деген қызығушылықтары артты. 4 сынып оқушылары жыл сайын есейіп, өздерінің білімдерін толықтыру мақсатында көптеген қызықты әдеби кітаптар оқи бастады.*

*Оларға ұсынылған әдеби кітаптар: Оқымысты қоян, Қазақ халық ертегілері, Қойшы мен бай, Әйбат ертегілер, Қасқырдың айласы, Андерсон ертегілері, Әжемнің ертегілері, Арлан күшік сияқты ертегілерді өз беттерінше оқи бастады. Осы бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс жасай отырып, кітап оқудың бес тәсілін қолдандым.*

*1. Зер сала оқу - Мұндай оқу кезінде кітаппен әбден талдап танысылады да өзіндік ой тұжырымдалады.*

*2. Тез оқу - Бұл тәсіл кемеліне келіп жетіліп, кейде зер сала оқуға ұласады.*

*3. Таңдап оқу - Мәтіннің кейбір бөлімдері таңдалып оқылатын тез оқудың бір түрі.*

*4. Алдын ала таныстық мақсатында кітапты қарап шығу - Жай көзге оқудың қарапайым түрі болып көрінетін бұл тәсілді көп адамдар меңгере алмайды.*


*5. Сканерлеу, яғни фамилияны, сөзді, фактіні іздеу мақсатымен тез оқып шығу - аталған әдістерінің әрқайсысын меңгеру тез оқу дағдысын қалыптастыру сияқты өте маңызды.*

***Бастауыш сынып оқушыларының кітапханаға келушілер саны:***

Сынып	2019-2020	2020-2021	2021-2022
1	12	15	15
2	10	12	12
3	15	17	20
4	14	14	16

*Ендеше осы жылдардың ішінен 2021-2022 оқу жылын алатын болсам бастауыш сынып оқушыларымен жүргізілген кітап оқудың бес тәсілі бойынша пайыздық көрсеткіші*

№	Оқу түрлері	1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып
1	Зер сала оқу		50 %	60 %	75 %
2	Тез оқу		50 %		70 %
3	Таңдап оқу	25 %			
4	Алдын ала таныстық мақсатында кітапты қарап шығу			50 %	65 %
5	Сканерлеу, яғни фамилияны, сөзді, фактіні іздеу мақсатымен тез оқып шығу	20 %			50 %



- Кітап оқудың бес тәсілі бойынша бастауыш сынып оқушыларының пайыздық көрсеткіші 1 сынып
- Кітап оқудың бес тәсілі бойынша бастауыш сынып оқушыларының пайыздық көрсеткіші 2 сынып
- Кітап оқудың бес тәсілі бойынша бастауыш сынып оқушыларының пайыздық көрсеткіші 3 сынып
- Кітап оқудың бес тәсілі бойынша бастауыш сынып оқушыларының пайыздық көрсеткіші 4 сынып

*Оқуды дамыту және қолдау барысында іс-шараларға орта буынның 5-9 сынып оқушыларын алдым.*

<b>№ п/п</b>	<b>Іс-шара атауы</b>	<b>Қатысушылар саны</b>	<b>Жауапты</b>
1	Акция: «Бәрін таста да, оқуды баста!»	60	Кітапханашы
2	Әңгімелесу уақыты	25	Кітапханашы
3	Кітап апталығы	82	Кітапханашы
4	Менің отбасымның сүйікті кітабы	12	Кітапханашы
5	Кітапханалық сабақтар	15	Кітапханашы
6	Сыныптан тыс жұмыстар	36	Кітапханашы
7	Кітап көрмелері	85	Кітапханашы
8	Оқырмандар конференциясы	20	Кітапханашы
9	Дөңгелек үстел	30	Кітапханашы




Сонымен қатар орта буын оқушыларына мектеп кітапханасынан әдеби кітаптар тізімін жасап:

Кітапханалық сабақтар «Мен және жол», «Әдеби кітаптар, оларды пайдалану жолдары, қалай оқуға болады?», «Қазақтың хаһарман қыздары», «Мейірімді ана» сол сияқты көптеген іс – шаралар өткізілді.




*Нәтижесінде: Оқушылар акция арқылы кітап оқуға дағдыланады, өз ойларын толығымен жеткізе алады. Әр оқушы өзіне ұнаған кітабын алып оқиды. Әр оқушы өз отбасының жақсы көріп оқитын кітаптарымен таныстырады. Сабақта сынып оқушылары не білді, не үйренді өз ойларын ортаға салады. Кітаптар арқылы өз білімін жетілдіреді. Оқушыларға кітаптар насихатталып, кітапқа деген қызығушылығы арттырды. Әдеби кітаптарды талдап, әдеби кітапқа баға береді. Оқушылар дөңгелек үстелдегі тақырыпты талдап, дұрыстығы мен бұрыстығын анықтай алды.*





*Оқушылардың барлығы түгел оқымаса да, оқыған оқушылардың айтқанынан түсінеді. Сондықтан мен оларға осы кітаптың мазмұны есте сақтау үшін өз қалауымен оқылған кітаптарды дәптерге тізіп жазып отырған дұрыс екенін түсіндіремін.*

*Дәптер бетіне: сол кітаптың тақырыбын, авторын, шығарманың кейіпкерлерін, кітаптың қысқаша мазмұнын жазып отыруын және сол кітапқа өз пікір жазуға үйретемін*



*Нәтижесінде: бала шапшаң оқуға дағдыланады. Шапшаң оқуға дағдыланғанда ғана оқушы төмендегідей жетістіктерге жетеді.*

*Мәнерлеп оқуды меңгереді. Оқығанды көз алдына елестете алу қабілеті артады. Әр түрлі сезімдерге беріледі. Қиялдау қабілеті дамиды.*

*Өзіндік жұмыстар мен тапсырмаларды орындауларда емін – еркін жұмыс жасайды.*



*Қорыта келе, қазіргі ХХІ ғасыр компьютер мен техниканың дамыған заманында, дабыл қағатындай мәселелердің бірі:*

- Оқушылар кітап оқудың орнына күндіз-түні смартфонға телміріп өсіп жатыр.*
- Оқушылардың көркем әдебиетке қызығушылықтарының жоқтығы.*
- Сөзгін байланысты сөйлеу мәдениетінің төмендігі.*



*Бұл проблемалардың шешіміне кітап оқудың бірнеше әдіс-тәсілдерін дұрыс жолға қоя білу. Өз ұлтының көркем тілінің кәусәрінен қанып ішкен ұл мен қыз шын мәнінде елінің толыққанды мәдениетті азаматы болатынын естен шығармағанымыз жөн.*

